

**Куттығалиева Анархан Райымовнаның «Қазақстанда отбасы, ана мен әке және баланы әлеуметтік қорғау: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына ресми рецензенттің берген**

## **СЫН ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы отбасы, ана мен әке және баланы әлеуметтік қорғау саласындағы өте өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертант зерттеу жұмысында отбасы, ана мен әке және баланы әлеуметтік қорғаудың құқықтық негіздерін зерттеп, аталған мәселе бойынша негізгі проблемалық жағдайлары бойынша пікірлерін жинақтаған.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасында және Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында белгіленген әлеуметтік саясаттың жалпы мемлекеттік мәселелерін шешумен тікелей байланысты өзекті мәселелер осы отбасы, ана мен әке, бала және оларды әлеуметтік қорғау мәселесінің бірі ретінде танылады.

Зерттеу шеңберінде аталған мәселені құқықтық реттеуде заңнаманың жай-күйі азаматтардың әлеуметтік құқықтары кепілдіктерінің жай-күйіне қалай әсер ететінін анықтауға; осы салаға нормативтік көзқарастың бар кемшіліктерін анықтауға, сондай-ақ ағымдағы заңдарда Конституциялық әлеуметтік кепілдіктердің іске асырылуын бағалау жатыр. Жоғарыда аталған қолданбалы сұранысты шешу үшін аналық, әкелік, балалық бойынша әлеуметтік қамсыздандыруды құқықтық реттеу жай-күйінің қазіргі заманғы теориялық негіздеріне, әлеуметтік қамсыздандыру туралы қазақстандық заңнаманы дамыту тұжырымдамаларына кешенді зерттеу жүргізу, өткен реформалар мен қайта құруларға құқықтық талдау ретінде алынған. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 01 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда. Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылды. Мемлекет тарапынан әлеуметтік саладағы және экономиканы қолдауға бағытталған барлық міндеттемелер орындалатын болады. Сондықтан әлемнің жаңа болмыс-бітімі қалыптасып жатқан шақта біз реформаларға тың серпін беруіміз керек. Бұл бағытта Ұлт жоспарын және Бес институттық реформаны негізгі бағдар етін ұстануымыз қажет.

Біз азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға, олардың құқықтарын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге міндеттіміз» деген болатын.

Елімізде соңғы кездері қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен Президент жолдауларында отбасы, ана мен әке және баланы әлеуметтік қорғау мәселелерінің кеңінен қарастырылуы аталған диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстандағы отбасын, ата-аналар мен балаларды әлеуметтік қамсыздандыруды конституциялық-құқықтық реттеу негіздері, балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар және олардың ерекшеліктері, ана мен әке және баланы әлеуметтік қамсыздандыру тетігін әлеуметтік қолдаудың өзге де шаралары ерекшеліктері кеңінен қарастырылған. Сонымен қатар ай-ақ, аталған саладағы кездесіп жатқан мәселелерді шешу жолдарына қатысты біріеше қорытындылар мен ұсыныстар, тұжырымдамалар келтірілген.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны - жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа ғылыми сипатқа ие екендігін көрсетеді. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған, сондай-ақ, қазіргі заманғы теориялық және практикалық негіздерге сүйене отырып, төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін айтуға болады:

**Бірінші нәтиже.** Балалары бар азаматтардың ата-аналық міндеттері жоқ азаматтарға қатысты конституциялық міндеттерін айқындай келе, ата-аналардың конституциялық-құқықтық мәртебесінің қосымша міндеттері отбасына мемлекет тарапынан көмек көрсету арқылы теңестірілуі керек. Мемлекеттің отбасын, ана мен әке және баланы қорғауы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі ажырамас бөлігі болып табылатын әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін көздеуі тиістігі нақтыланады;

**Екінші нәтиже.** Заңнама өзгерген кезде әлеуметтік қамсыздандыру шарттары нашарламауға тиіс, әлеуметтік қамсыздандыру түрі (ұсыну нысаны) жойылған кезде бұрын белгіленген әлеуметтік қолдау шаралары олар тағайындалған барлық мерзім ішінде ұсынылуға тиіс екенін бекіту қажеттігін айқындайды. «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» салааралық заңға бұрын бекітілген стандарттарды қысқарту, деңгейді төмендетуге жол бермеу туралы Ережелерді бекіту бөлігіне өзгерістер енгізілуі қажет деген ұсыныстар әзірленді;

**Үшінші нәтиже.** ХЕҰ-ның әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы арнайы конвенцияларын Қазақстан ратификациялауы тиіс. Халықаралық әмбебап стандарттар мемлекеттен ата-ананы, балалық шақты, ата-ана міндеттерін орындауды сөзсіз әлеуметтік тәуекелдерді тануды талап етеді, олар бала пайда болған кезде отбасының өмір сүру деңгейін төмендетудің мемлекеттік отемақы жүйесін, ата-аналардың тиімді жұмыспен қамтылуын және гендерлік теңдікті қамтамасыз етуді, баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу

және толыққанды дамыту шығындарын толықтыруды көздеуі тиіс деген қорытынды әзірленді;

**Төртінші нәтиже.** Қазақстандық заңнамада балалы отбасыларды қолдаудың нақты стратегиясының қабылдануына ұсыныстар жасалған;

**Бесінші нәтиже.** Баланың туылу кезектілігіне қарай Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің саралануының болмауы; ер-әкелердің зейнетақы құқықтарын бұдан бұрын ресімдеуге, сондай-ақ зейнетақы стажына кіретін уақыт кезеңдерін есепке алу кезінде құқықтарын шектеу; бала күтімі бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін анықтау кезінде оның бала туылу кезектілігіне қарай бала күтімі жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін анықтау бөлігінде; мемлекеттік жәрдемақылар мен МӘСК-дан төлемдер тағайындауда әлеуметтік заңнаманың кемсітушілік ақтаңдақ қалыптары анықталып оны жетілдіруге қатысты бірқатар ұсыныстар келтірілді;

**Алтыншы нәтиже.** Әлеуметтік заңнамадан ең төмен күнкөріс деңгейіне ауыстыра отырып, айлық есептік көрсеткіштерде төлемдер тағайындаудың барлық жағдайлары алынып тасталуға тиіс. АЕК әлеуметтік қамсыздандыру түрлерін анықтау әдістемесінен алынып тасталуы керек, өйткені оның мөлшері, құрылымы өмір сапасының әлеуметтік көрсеткіштеріне ешқандай қатысы жоқ. Ең төмен күнкөріс деңгейі отбасылар мен балалардың өмір сүру деңгейін, көрсетілетін әлеуметтік көмек пен қолдау шараларын бағалаудың жалғыз параметрі болуы тиістігі нақтыланады;

**Жетінші нәтиже.** Мемлекет отбасыларға кәсіби, әлеуметтік мүмкіндіктердің жоғалуын, тұрақты күйзеліс жағдайындағы өмірді, материалдық құралдардың жетіспеушілігін өтеуге міндетті екендігі нақтыланған;

**Сегізінші нәтиже** әлеуметтік сақтандырумен қамтылған ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен тәуекелдер жүйелерінің мазмұнын реформалау қажеттілігін негіздейді. Стандарттардың мазмұны әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде материалдық әлеуметтік қорғаудың нормалары мен деңгейлерін ғана емес, сонымен қатар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын да қамтуы тиістігі тұжырымдалады.

Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында қол жеткізілген нәтижелердің барлығы да ғылыми негізделген және практикалық қажеттілігі дәлелденген.

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізделуі теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми ақпаратының айқындығымен

және мақсат пен міндеттердің қисындылығымен, тұжырымдарының деректік тұрғыда дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

**Бірінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Өйткені, балалары бар азаматтардың ата-аналық міндеттері жоқ азаматтарға қатысты конституциялық міндеттері, ата-аналардың конституциялық-құқықтық мәртебесінің қосымша міндеттері отбасына мемлекет тарапынан көмек көрсету арқылы теңестірілуі қажеттігіне қатысты көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен тұжырымдарын, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаларды зерттеу, талдау нәтижесінде алынған.

**Екінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Өйткені отбасын әлеуметтік қорғау кезінде әлеуметтік қолдау шаралары олар тағайындалған барлық мерзім ішінде ұсынылуға тиістігі монографиялық зерттеулерді, ғылыми әдебиеттерді, қазіргі кездегі қолданыстағы заңнамаларды зерттеу, талдау нәтижесінде алынған.

**Үшінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Себебі, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы арнайы конвенцияларын ратификациялау халықаралық нормалардың қолданылуы арқылы стандарттарды енгізу қажеттігі зерттеу, талдау жүргізу нәтижесінде алынған.

**Төртінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Балалы отбасыларды қолдаудың нақты стратегиясының қабылдануы қоғамдағы отбасы, ана мен әке, баланы әлеуметтік қорғауға Қазақстан Республикасының заңнамалары мен құқықтық құжаттарға жүргізілген зерттеу және талдау жұмыстары нәтижесінде алынған.

**Бесінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы. Өйткені, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен тәжірибелік мәселелерін зерттеу және талдау нәтижесінде алынған.

**Алтыншы нәтиже.** Негізді, шынайы. Себебі АЕК орнына ең төмен күнкөріс деңгейі әлеуметтік көмек пен қолдау шараларын бағалау параметрі әлеуметтік қорғаудың параметрі болып бекітілуі тиіс.

**Жетінші нәтиже.** Ішінәра негізді. Себебі мемлекет отбасын материалдық құралдардың жетіспеушілігін өтеуге міндетлігі айқындалып, тетіктері нақтыланған..

**Сегізінші нәтиже.** Негізді, шынайы. Себебі әлеуметтік сақтандырумен қамтылған ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен тәуекелдер жүйесін реформалау әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын да қамтуы тиіс.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Өйткені, отбасын, ана мен әке және баланы қорғауы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі әлеуметтік-экономикалық шаралар кешені екендігіне қорытынды жасалған.

**Екінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Себебі, ізденуші әлеуметтік қолдау шараларының негізгі ережелерін анықтап, нақты қорытындылар жасаған.

**Үшінші нәтиже** – ішінәра жаңа болып табылады. Себебі бұл мәселе әлеуметтік құқық саласында көтеріліп жүрген мәселе.

**Төртінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Яғни, балалы отбасыларды қолдаудың нақты стратегиясының қабылдануы қоғамдағы отбасы, ана мен әке, баланы әлеуметтік қорғау ұғымының мәнін ашу үшін жүйелік тәсіл тұрғысынан түсіндіруге талпыныс жасаған.

**Бесінші нәтиже** – жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасының отбасы, ана мен әкені, баланы әлеуметтік қорғау қоғамда болып жатқан әртүрлі келіспеушіліктерді туындатуда. Сондықтан аталған мәселелер бойынша заңнамаларға өзгерістер енгізу ұсынылған.

**Алтыншы нәтиже-жаңа.** Себебі әлеуметтік қамсыздандыру түрлерін анықтау әдістемесі ретінде АЕК көрстекіштерін қолдану тиімсіз. Ізденушінің ең төмен күнкөріс деңгейі әлеуметтік көмек пен қолдау шараларын бағалау параметрі заңдарға енгізуді ұсынған.

**Жетінші нәтиже-** ішінара жаңа. Себебі мемлекеттің отбасын әлеуметтік қолдауда негізгі қолдаушы ретіндегі ролін анықтау зерттеліп, сараланды. Ізденуші әлеуметтік мүмкіндіктердің жоғалуын қалпына келтіру негіздерін ұсынған.

**Сегізінші нәтиже-** жаңа. Яғни, әлеуметтік стандарттардың мазмұны әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде материалдық әлеуметтік қорғаудың нормалары мен деңгейлерін ғана емес, сонымен қатар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын негіздеп, тұжырымдаған.

## **5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.**

Диссертациялық жұмыс – отбасын, ана мен әкені және баланы әлеуметтік қорғау саласындағы өзекті теориялық және практикалық мәселелердің жаңа шешімдерін кешенді түрде қамтитын, ішкі бірлігімен сипатталатын аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаттары мен міндеттерін негізге ала отырып, бай деректік материалдар негізінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардан алынған нәтижелерді заң жобаларын дайындау және қоршаған табиғи ортаны қорғауға қатысты жобаларда қолдануға болады.

## **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада ҚР Білім және ғылым министрлігі Жоғары оқу орындарына ұсынған 1 монография, 1 оқу құралын басып шығарылды.

Зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижелері ғылыми және ғылыми-практикалық басылымдарда жарияланған 20-дан астам мақалада, оның ішінде – шетелдік басылымдарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда көрсетілген.

7 мақала - Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды:

1. «Конституционно-правовой статус несовершеннолет-него: проблемы теоритико-методолгического моделирования»// Республиканский научно-теоретический журнал «Наука и новые технологии». – Бишкек. –2012. – №3. – С. 215-219.

2. «Основные направления развития ювенальной политики Республики Казахстан в вопросах защиты прав и свобод несовершеннолетних» // Материалы XXXI Международной научно –практической конференции: «Научная дискуссия: вопросы юриспруденции»: Сборник научных статей/Москва, 2014. – №11(30). – С. 6-12.

3. «Историко-правовые аспекты деятельности государств в вопросах законодательного обеспечения организации правовой защиты прав и свобод несовершеннолетних» // «The Fourth International Scientific Conference on Private and Public Law 17, November 2014. – Vienna. – P. 14-26.»

4. «Унификация нормативно- правовых актов Евразийского Экономического союза: преграды и перспективы»// Правовой статус и этапы становления Конституции Республики Казахстан: Материалы Международной научно-практической конференции в честь 20-летия Конституции Республики Казахстан/Уральск, 2015. –С. 77-84.

5. «Бала және бала тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері» //Актуальные вопросы гуманитарных наук и образования в контексте модернизации общественного сознания»: Материалы международной конференции/Павлодар, 2018. – С. 111-117.

6. «Human dignity in providing social protection for families with children»// Актуальные проблемы права, экономики и образования на современном этапе: теория и практика: Материалы VIII (on-line) заочной международной научно-практической конференции/Алматы, 2020. – С. 96-103.

7. «Вопросы международно-правового регулирования социального обеспечения по родительству и детству»// Модернизация правовой системы в контексте стратегии развития страны: казахстанская модель обеспечения интересов личности, общества и государства: Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 70-летию д.ю.н., проф. Б.Х. Толеубековой

5 мақала - ҚР БҒМ-нің ғылым және білім саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдарда жарияланды:

1. «Возрастные периоды развития как основания для определения и формирования конституционно-правового статуса несовершеннолетних» // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева. – 2017. – №2 (31). – С. 30-36.

2. «Ювенальная юстиция в Республике Казахстан: теоретико-правовые и практические аспекты развития» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. Заң сериясы. – Астана. – 2017. – №6 (50). – 219-221 б.б.

3. «ЭЫДҰ стандарттары ұлттық әлеуметтік –еңбек құқығын жетілдіру құралы ретінде» // «Вестник КазНУ имени аль-Фараби. - Серия юридическая. – 2019. – №1 (89). – С.72-81.

4. «Қазақстандағы отбасы, ата-ана және балалықты әлеуметтік қамсыздандырудың конституциялық негіздері »// Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева. - Серия Право. – 2020. – №1(130). – С. 90-105

5. «Уголовно-правовой анализ злоупотребления должностными полномочиями» // Международный научно-популярный журнал «Наука и жизнь Казахстана». – 2020. – №5(2). – С. 29-33.

4 мақала - Scopus деректер базасында тіркелген және индекстелетін журналдарда жарияланды:

1. «Problems of Overcoming Poverty in the Republic of Kazakhstan» // «Mediterranean Journal of Social Sciences. Volume 6, Issue 3, 2015, Pages 169-176

2. «Development of the Eurasian Economic Union as the Integration Stage in the Eurasian (post-Soviet) Area» // «Journal of Advanced Research in Law and Economics. – Vol 7 No 6 (2016). Pages 1509-1517.

3. «The Phenomenon of Ownership in Terms of Economic and Legal Categories»// Bulletin of the Georgian National Academy of Sciences, Vol. 13, Issue 3, 2019. Pages 135-142

4. «Ensuring social guarantees and human rights for the implementation of the labour legislation of the Republic of Kazakhstan»// Rivista Di Studi Sulla Sostenibilita. – 2020. - P. 315-331.

#### **Оқу құралдары, монография**

1. Система ювенальной юстиции Республики.- Казахстан Алматы: Издательство «Nurpress», 2013. – Монография. 342 с.

2. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық-құқықтық мәселелері.- Орал: Издательство «ҚазИжТЖУ», 2019. – Учебное пособие. 103б.

**7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертация жоғары бағаға лайықты, дегенмен бірлі-жарымды ұсыныстарды талап етеді:

1) Жұмыста әлеуметтік қорғау мәселесінде шетелдік тәжірибеден көбірек мәліметтер келтіргенде, аталған бөлім мазмұнының құндылығы одан әрі арта түсетін еді.

2) Зерттеу жұмысының мәтінінде кіші-гірім грамматикалық қателіктер кездеседі.

Жоғарыда келтірілген ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығын, мәнін және ғылыми маңыздылығын төмендетпейді, тек қана ұсыныстық сипатта болып табылады.

**8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертацияның алға қойған міндеттері шешімін тауып, мақсаты орындалған. Жұмыста қазіргі заманғы талаптарға сай келетін теориялық және практикалық маңызы жоғары мәселелер ғылыми шешімін тапқан.

Аталған диссертация диссертациялық жұмысты рәсімдеу талаптарына сай жазылған. Ғылыми зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары негізді, әрі дәйекті.

Ізденуші Куттығалиева Анархан Райымовнаның «Қазақстанда отбасы, ана мен әке және баланы әлеуметтік қорғау: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары бағаға лайықты және 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.


**Ресми рецензент:**

**Қайнар Академиясының**

**Құқық пәндері кафедрасының**

**менгерушісі з.ғ.к., қауымдастырылған**

**профессор (доцент)**



**Апахаев Н.Ж.**